

Біржолғы талон құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2008 жылғы 25 маусымдағы N 8-4 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жалағаш аудандық Әділет басқармасында 2008 жылғы 26 маусымда N 10-6-94 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 13-9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2008.12.24 N 13-9 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі) 369-бабына, 373-бабының 2-тармағына сәйкес және аудандық салық комитеті ұсынған деректер негізінде Жалағаш аудандық мәслихаты

ШЕШЕМІЗ:

1. Жалағаш ауданында базарларда тауар сату бойынша (жалдау шарттары бойынша базарлар аумағындағы киоскілерде, тұрақты үй-жайларда (оқшауланған блоктарда) өткізуді қоспағанда) алынатын біржолғы талон құны 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызметінің жекелеген түрлеріне біржолғы талон құны 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. "Аудан бойынша базарлар мен базардан тыс орындарда алынатын бір жолғы талон құнын белгілеу туралы" Жалағаш аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 19 желтоқсандағы кезекті IV-сессиясының N 4-8 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 10-6-81 санымен тіркелген, "Жалағаш жаршысы" газетінің 2008 жылғы 12 қаңтардағы N 4-5 санында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастан күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

VIII-сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы

Аудандық мәслихаттың
Қ. Тәттібаев
К. Сүлейменов

Жалағаш ауданында базарларда тауар сату бойынша (жалдау шарттары бойынша базарлар аумағындағы киоскілерде, тұрақты үй-жайларда (оқшауланған блоктарда) өткізуді қоспағанда) алынатын бір жолғы талон құны

| N | Кәсіп түрі | Біржолғы талон құны (теңге) |
|----|----------------------------------|-----------------------------|
| 1. | Азық-түлік сату | |
| | Жүк автокөліктерінен сату | 480 |
| | Жеңіл автокөліктерден сату | 240 |
| | Сөреден сату | 70 |
| | Қолдан сату | 45 |
| 2. | Өндірістік заттарды сату | |
| | Жүк автокөліктерінен сату | 480 |
| | Жеңіл автокөліктерден сату | 240 |
| | Сөреден сату | 80 |
| | Қолдан сату | 55 |
| 3. | Мал сату | |
| | Ірі қара және жылқы сату | 125 |
| | Басқа үй жануарларын сату | 50 |
| | Құс сату | 20 |
| 4. | Ауылдағы базарда азық түлік сату | 20 |
| 5. | Сүт өнімдерін сату | 10 |
| 6. | Насыбай сату | 10 |
| 7. | Балмұздақ сату | 50 |
| 8. | Аралап тамақ өнімдерін сату | 30 |

Ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызметінің жекелеген түрлеріне біржолғы талон құны

| N | Кәсіпкерлік қызмет түрі | Біржолғы талон құны (теңге) |
|----|--|-----------------------------|
| 1. | Газеттер мен журналдар | 50 |
| 2. | Тұқым, сондай-ақ отырғызу материалдарды "тікпе көшет, көшет" | 70 |
| 3. | Бақша дақылдары | 50 |
| 4. | Саяжай және үй жанында өсірілген тірі гүлдер | 30 |

| | | |
|----|--|-----|
| 5. | Жануарлар мен құстарға арналған дайын жемшөп | 50 |
| 6. | Сыпырғылар, сыпыртқылар, орман жидектерін, бал, саңырауқұлақтар және балық | 100 |
| 7. | Жер учаскілерін өңдеу бойынша жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері | 300 |
| 8. | Жолаушылар "лицензиялы тасымалдардан басқасы" тасымалдау бойынша жеке жеңіл автомобильдерді иелерінің қызмет көрсетулері | |
| 1) | Аудан көлемінде | 80 |
| 2) | Қала аралық | 250 |
| 9. | Үй жануарлары мен құстарды жаю | 50 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК